

Ә. Тілеубердінов, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 1-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекші: Қ. С. Мұқыш, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы

БОЛМЫС — ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯ

БОЛМЫС — санаға тәуелсіз өмір сүретін объективті дүниені, материяны адамдардың материалдық өмірінің табиғатын белгілеуге арналған философиялық ұғым¹. Философияның негізгі мәселесі ойлау жүйесінің болмысқа қатынасы туралы мәселе болғандықтан, оның шешімі болмыс ұғымы ретінде алынатын мағынаға байланысты. «Болмыс» категориясының осы принципті маңызы оны философия ғылым ретінде пайда болған алғашқы күндерден-ақ дүниеге әкеліп, оның көптеген ілімдеріне негіз болды. Философия болмыс ретінде ең алдымен материяның, жекелеген мәселелердің, процестердің, адамдардың түпкілікті, тиянақты болмысында қашан да санадан тәуелсіз өмір сүруін көрсетеді. Бұл орайда болмыстың болмауы абсолютті түрде жойылып кету емес, материяның бір күйден екінші күйге, яғни болмыстың ескі формасынан жаңасына ауысуы. Адам болмысын адамдардың, олардың мекемелерінің, мұраттарының, принциптерінің, теориялары мен идеяларының арақатынасынсыз елестету мүмкін емес. Табиғат, қоғам, адам және оның ақыл-ойы ұшы-қиырсыз, тоқтаусыз дүние ретінде өмір сүреді және бұл оның материалдық бірлігінің алғышарты болып табылады. Бұдан: Болмыс материалдық негіздің алғышарты болып табылады және материя мен болмыс ұғымдары толық үйлеседі мыс деген кері түсінік тұмауы керек. Болмыс категориясының аса маңызды жағы дүниенің өмір сүретіндігін танып білуде, дүниенің біртұтас күйінде болғанын, болып отырғанын және болатынын керсететіндігінде. Бұл орайда әңгіме болмыстың мынадай негізгі формалары жайында болып отыр:

а) біртұтас ұғым ретінде табиғаттың, табиғи және адам жасаған заттар мен процестердің болмысы;

ә) адам болмысы;

б) жеке және нақты сипат берілген рухани ұғымның болмысы және

в) адамның қоғамдағы және жалпы қоғамның әлеуметтік болмысы. Табиғат болмысы: объективтілігімен — адам санасына дейін, одан тыс және тәуелсіз өмір сүруімен — кеңістік пен уақытта мәңгі-бақи болуымен — ол барлық жерде және әрқашан болуымен, болып отыруымен және болатынымен сипатталады². Нақты табиғи мәселелер мен процестер ауыспалы нәрселер, әлдебір жерде, белгілі бір уақытта өмір сүреді, басқа жерде, басқа уақытта олар жоғалып кетеді. Кешенді табиғи-рухани-әлеуметтік ақиқат, өркениеттің материалдық және рухани өндірісі, адамның өмір сүруіне сөзсіз қажет нәрсенің бәрі осыдан келіп шырады. Сөйтіп адам болмысы — табиғи және оның өзі жасаған заттар мен рухани игіліктер дүниесіндегі болмыс. Осы заманғы шетелдік философиядағы болмыс ұғымның жай-жапсарын шын мәнінде ғылыми тұрғыдан ашып көрсетілуін таба қою қиын. Онда рухани болмыс сананың «ең жоғарғы» болмысына баса назар аударылып, ол адамның табиғи қажеттеріне қарсы қойылады. Алайда оның жалпы адамзаттың игіліктеріне ықпалын мойындауы мақұлдауға лайық. Философияда осы категорияның түпкілікті зерттеулері ұзақ уақыт бойы бола қоймағанын атап өту керек. Соңғы кезде ғана біздің және шетел ғалымдары оған назар аудара бастады.

¹ Әбішев Қ., Философия. — Алматы, 2001.

² Әбжанов Т. Ы., Қысқаша философия тарихы. — Алматы, 2006.